

**«Қазақ ұлттық аграрлық университеті» коммерциялық емес  
акционерлік қоғамы**

**Бекітемін**

Тәрбие және әлеуметтік  
жұмыстар жөніндегі проректор  
Ж. Дауренбаева

« \_\_\_\_ »  2018ж.

**«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында және  
Жастар жылына орай  
Қазақ ұлттық аграрлық университетінің  
факультеттер арасында өткізілетін  
«KazNAU STARS» атты сайысының  
ЕРЕЖЕСІ**

**Дайындаған:**

Жастар саясаты бөлімінің бастығы



Н.Аубакиров

**Келісілді:**

Студенттік кәсіподақ комитетінің төрағасы:



Ә.Сманов

**Алматы, 2018 ж**

## **1. Сайыстың мақсаты**

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында және Жастар жылы қарсаңында өтетін «KazNAU STARS» сайысының басты мақсаты – жастарға тәлім-тәрбие беру, қатысушылардың бойына рухани құндылықтарды арттыру және әртүрлі бағытта өз өнерлерін көрсетуге және белсенділікке құлшынысын арттыру. Қазақ ұлттық аграрлық университетінің 90 жылдық тарихын және факультеттерінің тарихын білуге ұмтылдыру, корпоративті рухты арттыру, жаңа таланттарды, жана есімдерді таныту.

## **2. Сайыстың міндеттері**

1. Жастардың белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру;
2. Студенттердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру;
3. Өз университетіне деген мақтаныш сезімін арттыруға және оның тарихын терең білуге баулу;
4. Студенттердің өзін-өзі шығармашылықпен жүзеге асыруына мүмкіндіктер жасау.

## **3. Сайыстың өткізілу тәртібі**

- 1 Сайысқа университеттің әрбір факультетінен 1-2 курста оқитын, 6 студенттен құралған топ қатысады 6 студенттен кем болмауы шарт.
- 2 Сайыс 2018 жылдың 15 қарашасында, бас ғимараттың АКТ залында, өткізіледі.
- 3 Сайыс Жастар саясаты бөлімінің ұйымдастырылуымен өткізіледі.
- 4 Сайысты өткізу үшін құрылған ұйымдастыру комитеті конкурстың қазылар алқасын бекітіп, жүлделер қорын анықтайды.
- 5 Ұйымдастыру комитеті конкурс жеңімпаздарын марапаттау рәсімін ұйымдастырады.
- 6 Ұйымдастыру комитеті конкурсты өткізуге қатысты басқа да мәселелерді шешеді.
- 7 Әр кезең бойынша материалдар алдын ала тексеріледі. Таныстыру кезеңі бойынша видеоролик 2018 жылдың 12 қарашасына дейін қабылданады. Видеороликті [aubakirov.nurimzhan@yandex.ru](mailto:aubakirov.nurimzhan@yandex.ru) электронды почтасына жолдайды. Материалдарын көрсетілген мерзімге дейін жібермеген топ сайысқа қатыстырылмайды.
- 8 Өнер сайысы бойынша 2018 жылдың 10 қарашасында топтардың өнері тексеріледі.
- 9 IQ деңгейі - бұл кезең бойынша, қатысушыларға түрлі деңгейдегі белгілі бір тақырыптар бойынша сұрақтар қойылады. Сұрақтар университетіміздің ғылым бөлімінің мамандары, «Рухани жаңғыру»

орталығының жетекшілері, тәрбие бөлімінің мамандарынан құралған комиссиясы дайындайды.

- 10 Өнер сайысында командалар еркін тақырып бойынша жарысады. Бұл кезеңде ән, би, көрініс қамтылуы қажет.
- 11 Берілген уақыттан асып, рұқсат етілмеген материал көрсетілсе, ұпай шегертіледі.
- 12 Сайыс жайлы толық мәлімет ҚазҰАУ сайтында, әлеуметтік желілерде жарияланады.

#### **4. Сайыстың қазылар алқасы**

1. Қазылар алқасының құрамына университет басшылығы, танымал мәдениет және өнер жұлдыздары, жастар ұйымдарының өкілдері енеді. Жалпы саны 5 адамнан аспайды. Конкурстық байқау кезінде қазылар алқасының бір немесе бірнеше мүшесі дәлелді себеппен қатыспай қалған жағдайда ұйымдастыру комитеті қосымша тізіммен мүшелер санын толықтыруға құқылы.
2. Қазылар алқасының шешімі қайта қаралмайды және хаттамамен рәсімделеді.
3. Қазылар алқасы арнайы сыйлық немесе ынталандыру сыйлығын тағайындауға құқылы.
4. Сайыс аяқталғаннан кейін қазылар алқасы қорытындысын шығарып, жеңімпаздарды анықтайды және марапаттайды.

#### **5. Сайыс кезеңдері**

**I кезең - Таныстыру** (видеоролик – 4 минут). Таныстыру кезеңінде топтар өздерін, факультеттерін және мамандықтарын, жаңа идеяларын ерекше форматта видеоролик арқылы таныстырады. Видеороликтің позитивтілігі, өміршеңді көңіл-күй сыйлауы, идеяның жаңашылдығы, видеороликтің сапасы, жұмыстың эстетикалық мәні ескеріледі.

**II кезең - IQ деңгейі** (сұрақтар бойынша – 4 минут). Бұл кезең бойынша, қатысушыларға түрлі деңгейдегі белгілі бір тақырыптар бойынша сұрақтар қойылады.

**III кезең - Өнер** (еркін тақырып бойынша ән, би, көрініс бірге болуы керек – 5 мин). Факультеттер еркін тақырыпта бақ сынайтын болады. Өздерінің таңдаған тақырыптар бойынша көрініс көрсетеді.

## **6. Сайысты қаржыландыру көздері**

Конкурсты ұйымдастыру және өткізуге байланысты шығындар (жүлделер қоры, сахнаны безендіру) студенттік кәсіподақ комитеті қаржысы есебінен өтеледі.

## **7. Сайыстың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау**

1. Барлық номинациялар бойынша жеңімпаздар грамоталармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.
2. Қазылар алқасы әрбір номинация бойынша конкурстық жұмысты 10-балдық жүйемен бағалайды (бағалау өлшемдері қосымшаларда берілген).
3. Жеңімпаздарды марапаттау сайыс соңында акт залында өтеді.
4. Конкурс қорытындысы университет сайтында және әлеуметтік желіде жарияланады.
5. Көрсетілген нәтиже бойынша 3 жүлделі орын және 3 номинация анықталады.

**1- жүлделі орын – «KazNAU STARS» атағы**

**2- жүлделі орын**

**3- жүлделі орын**

**1- номинация – «ЕҢ КРЕАТИВТІ КОМАНДА» номинациясы**

**2- номинация – «ТАЛАНТТЫ ЖАСТАР» номинациясы**

**3- номинация – «КӨРЕРМЕН КӨЗАЙЫМЫ» номинациясы**

Сайыстан бөлек ең үздік жанкүйерлер тобына бағалы сыйлықтар беріледі.

## **8. Сайыс жеңімпаздарын марапаттау**

Сайыстың жеңімпаздары арнайы «KazNAU STARS» атағы және ақшалай сыйлықтармен марапатталады.

1- жүлделі орынға: 20 000 тенге сертификаты.

2- жүлделі орынға: 15 000 тенге сертификаты.

2- жүлделі орынға: 10 000 тенге сертификаты.

Жүлделі орындардан басқа номинацияны жеңіп алған командалар және қатысушылар арнайы сыйлықтармен және мақтау қағазымен марапатталады.